



# Жас-Алаташ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## Мағжанның жұмбақ құсы



Тағы да, міне, күн батты,  
Аспанды қара түн жапты.  
Тұрменің түбі түнеріп,  
Төндірді сұмдық зұлматты.  
Шырқырай түсіп шыбын жан,  
Шошынған жүрек дір қақты.  
Таптырмас көрге сүңгітсе,  
Кім шешер қыын жұмбақты?  
Жылаған мұнда талайлар,  
Көз жасын өліп құрғатты.  
Еңсесін езіп қасірет,  
Айықпас ауыр зіл батты.  
Жейтіндей тұтіп жемтік қып,  
Құзғындар қанды тырнақты.  
Талықсып кетті кенеттен,  
Соққыдан тиген тым қатты.  
Тербетіп ала жөнелді,  
Тұңғиық дүние құндақты.  
Елестің ерді соңына,  
Сүйкімді, сұлу, сымбатты.  
Опасыз, сатқын жалғанда,  
Анадан бар ма қымбатты?  
Бауырына басып елжіреп,  
«Мағжаным шаршап келді» деп

Текемет төсеп төріне,  
Сілкіп бір салды сырмақты.  
Тұсіріп еске ежелгі,  
Бабадан қалған жүрнақты,  
Күмбірлеп қоңыр домбыра,  
Мұңлы бір күйді тындаатты.  
Жинаса есін ешкім жоқ,  
Мағжанды бәлкім жын қақты?  
Жын қаққан емей немене,  
Қыықтай ғана қыыстан,  
Құйттай құс келіп тіл қатты:  
Ей, Мағжан ақын, барсың ба?  
Тұстім деп мұнда қорсынба.  
Маңдайға Тәнір жазған соң,  
Түрменің түбін тарсынба!  
Ноқталы баста ерік жоқ,  
Көндікпей, тулас зорсынба!  
Аңсайсың бекер кендікті,  
Алдыңда жүрер жол бітті.  
Тұрме де сенің өз үйің,  
Көрсеткен азап, қорлықты.  
Шығарып төрге қабыл ал,  
Есікten кірген зорлықты.  
Қайтесің кеуде көтеріп,  
Кім күшті болса, сол мықты.  
Азуын айға білеген,  
Талайдың басын жер жұтты.  
Шөліркеп тәтті ләzzатқа,  
Шалқыдың басың азатта.  
Мәнісін білген пендеге,  
Ләzzаттың өзі азапта.  
Бақыттың өзі бейнетте,  
Жұмақтың өзі тозақта.  
Бостандық деген не керек,  
Қадірін білмес қазаққа?  
Қайратын ердің еш қылып,  
Кененің басын кестіріп,  
Қалғаны кеше емес пе,  
Масқара сұмдық мазаққа.  
Көнерсің мынау сұмдыққа,  
Сенерсің мендей мұңлыққа.  
Өтірік билік құрғанда,  
Күн көру қиын шындыққа.  
Өкініп босқа у жұтпа,

Тұсken соң басың құлдыққа.  
Тексіздер тізгін ұстаса,  
Төндірер зауал бұл жүртқа...  
Шошынды тосын дауыстан,  
Тұғі жоқ есі ауысқан.  
Көрініп тұрған кісі жоқ,  
Әртенді қүйіп намыстан,  
Пәле еді мынау қапыда,  
Қай жақтан еліп жабысқан?  
Шынымен мынау кім еді?  
Шырқырап кетті жүрегі.  
Аруақ па, жын ба, шайтан ба,  
Қаңғырып қайдан жүр еді?  
Естілген жұмбақ дауыстың,  
Соншама сұық сүреңі.  
Аяғын сөздің, Тәнір-ay  
Әкеліп қайда тіреді?  
Түрменің іші тым-тырыс,  
Қап-қара қалың түн еді.  
Төбеден төніп тунеріп,  
Қайғының басты түнегі...  
Ешнәрсе тұспей көзіне,  
Жүрегі, жаны езіле,  
Жұдеді мұңлы у жұтып,  
Елестің айтқан сөзіне.  
Дөп келсе пенде дәрменсіз,  
Заманның қырсық кезіне.  
Көнбейін десе – шарасыз,  
Тағдырдың салған тезіне.  
Дауысы қалай шыққанын,  
Аңдамай қалды өзі де:  
Сыпыр да сиқыр пендені,  
Періште болсаң, кел бері!  
Жын-шайтан болсаң, кет жоғал,  
Әлекке салма сен мені!  
Аспаннан түссең білмеймін,  
Пәлені көргем жердегі.  
Қиналған жанды азғырма,  
Қайдағы жоқты сөз қылма.  
Тұңғыңың, терең шыңырау –  
Қайғының түбін қаздырма.  
Жазаға тартсаң, мен дайын,  
Халқымды бірақ жазғырма!  
Ауыспай есім тұрғанда,

Сенбеймін сендей азғынға!..  
Бәріне қуә бір Алла,  
Себепсіз шөлмек сынар ма?  
Қолыңдан келсе қоя бер,  
Қапастан мынау шығар да!  
Тырнадай көші тізілген,  
Тұлпардай жалы сүзілген,  
Сағындым туған елімді,  
Аймалап сүйіп үзілген.  
Аяздай қысқан қантарда,  
Заманда шерің тарқар ма?  
Жүгірер жаны шыққанша,  
Сүйеніп оқقا арқар да.  
Деді де қалды сәл үнсіз,  
Кеудесі ойсыз, жалынсыз.  
Құйттай құс қайта сөйледі,  
Мағжанға жөні мәлімсіз:  
Шамданба, ақын, шамданба,  
Көрінбен саған жалғанда.  
Шығам деп тордан ойлама,  
Бойында шыбын жан барда.  
Тас түнек келіп басарда,  
Тағдырдан пенде асар ма?  
Сен құтылғанмен қапастан,  
Бұғаудан елің босар ма?  
Екі өлім бар да бір емес,  
Тартқаның азап бұл емес.  
Ұлтыңның жаны сенде жүр,  
Өзіңнің жаның түк емес.  
Кірмейді терең көрге кім,  
Қара жер – мәңгі жөргегің.  
Қасірет емес білгенге,  
Өлгені жеке пенденің.  
Қиналдым деме мұнда кеп,  
Көміле берме мұңға көп.  
Алаштың жаны жолында,  
Ақынның жанын құрбан ет!  
Шындықты қазір мойында,  
Халықтың қалсын ойында.  
Ұлтыңның жаны рухында,  
Өзіңнің жаның бойында.  
Сезсең де ажал тәнгенін,  
Сөндім деп сірә сенбегін.  
Тұбімен жұртың құрыса,

Шынымен сонда өлгенің,  
Атады ертең білемін,  
Үзілер жалқы жүрегің.  
Өлдім деп жылап, өкінбе,  
Бақытты өлім – бұл өлім!  
Мағжанның басы айналды,  
Сөйлеуге тілі байланды.  
Хабарлап сүмдық ойранды,  
Естілген дауыс қайда әлгі?..  
Ақырды: «Не деп тұрсың?» — деп,  
Жүрегі соқты дүрсілдеп.  
«Араша түсер ұлыңа,  
Аруақтар қайда жүрсің?» — деп.  
Ғұмырдың көші көзінің  
Алдынан өтті біртіндеп.  
Қапаста қалып баласы,  
Зарлады қайран анасы.  
Көрінде тыныш жата алмай,  
Күңіренді ата-бабасы.  
Алатау, Алтай, Атырау,  
Сарыарқа, Сырдың арасы.  
Тұнерді қара жамылып,  
Ежелгі Тұран даласы.  
Сарсаңға түсті сенделіп,  
Сарқылып ақыл-санасы.  
Сарғайып кетті уайымнан,  
«Сарытомар<sup>1</sup>» көлдің жағасы.  
Тіріліп бір сәт келмей ме,  
Баяндай батыр ағасы.  
Ажалдың оғын тоқтатар,  
Амалдың жоғын қарашы?!

Көзінің алды көлкілдеп,  
Егіле жылап еңкілдеп,  
Жан-жақтан жынын шақырды,  
Қойлыбай бақсы селкілдеп.  
Абылайдың тозып ордасы,  
Тұндігі тұрды желпілдеп.  
Сексен көл жатты Көкшеде,  
Жасындей көздің мөлтілдеп.  
Еділ мен Жайық екі өзен,  
Жамырап аққан жеті өзен.  
Есілге-Ертіс қосылып,  
Өкіріп ойбай салғанда,  
Жағаға соқты толқын кеп.

## II

Мағжанды бүгін ата ма,  
Ажалдың дәмін тата ма?  
Қайғыға туған қайран ер,  
Көлденең түсіп жата ма?  
Зұлымның асы бойына,  
Атпаса кісі бата ма?  
Атама оны, атама!..  
Байлады оққа ақынды,  
Тарс етті – мылтық атылды.  
Ұшты да кетті көзінен,  
Жарқ етіп дүние ақырғы.  
Бұршақтай ғана қорғасын,  
Тұнекке демде батырды.  
Селт етпей ерді сұлатты,  
Сүйегін жарға құлатты.  
Атқызыған кімдер белгілі,  
Белгісіз бірақ кім атты?  
Шошынып ұшқан құстар да,  
Шуылдан сонда жылапты.  
Маусымдар кезек алмасып,  
Жаз өтсе, қыста қар басып,  
Күндерге күндер жалғасып,  
Зуылдан қанша жыл ақты,  
Сылдырап қанша су ақты.  
Қыратты жауып кілемдей,  
Қаншама көктем гүл атты.  
Қай жерде қалды қайран ер,  
Шешетін кім бар сұрақты?  
Алданба сөзге ұстаға,  
Шешеннің тілі – ұстара.  
Білмесең нақты белгісін,  
Жарқыным, жорта нұсқама.  
Астында жердің жасырын,  
Мағжанның қайды жатқанын,  
Білетін жұмбақ құс қана.  
Жалғаннның жалғыз мұңлығы,  
Өші жоқ ұзын-қысқада.  
Көзіне түспей пенденің,  
Соғады жазда, қыста да.  
Жүргегін мұң мен шер қысып,  
Жұмбақ құс тағы келді ұшып.  
Ол қонған бұта бүрінен,  
Жылаған көздің жасындай,

Үзіліп түсті таңғы шық,  
Мағжанға тағы тіл қатты,  
Тереңде жатқан жер құшып.  
 Тағы да екі дүние,  
Бірімен бірі шарпысып,  
Бірімен бірі аңдысып:  
Астында жердің кебінсіз,  
Жатырсың, Мағжан, неге үнсіз?  
«Әлдиле!» деп ең өлімге,  
Өмір жоқ рас өлімсіз.  
Айтатын сөзім өзіңе,  
Болып түр бүгін жағымсыз.  
Айырмай оң мен терісін,  
Кеуледі үрей ел ішін,  
Құтырды қорқау қасқырлар,  
Жамылған қойдың терісін.  
Дүмше мен дүлей құда боп,  
Жендеті жауыз сүм заман,  
Қаптатып жын мен перісін,  
Тарылтты тірлік өрісін.  
Тажалдар талап жатқанда,  
Дүние қайдан кеңісін?..  
Осылай ма еді тегіннен,  
Ойың бар, Мағжан, не білген?  
Құдіретің болса күніреніп,  
Тұрсаңшы бір сәт көрінен?  
Тұңілдім мен де тірліктен,  
Бір кезде өзің жерінген.  
Еркіндік тумай күн бар ма,  
Адамда онсыз құн бар ма?  
Сен көрген сүмдық сол сүмдық,  
Айналмай дүние тұрған ба?  
Қанаты елдің сынғанда,  
Ішінен өксіп тынғанда,  
Өлгенін көрден сурыып,  
Жендеттер келіп жүлғанда,  
Найзағай болып жарқылдал,  
Төксенші зауал сүмдарға!..  
Толқындал тылсым ой легі,  
Тереңнен Мағжан сөйледі:  
Өліге сірә бүйірмас,  
Тірінің киген көйлегі.  
 Тағдырдың тартқан сыйы осы,  
Мазалай берме, қой! — деді.

Бірінді бірің құрт мейлі,  
Тірлікте тартыс бітпейді.  
Ақылмен айтқан сөзіңе,  
Ақымақ артын сұртпейді.  
Бауыры суық қара жер,  
Үстінде жүрсөң жұрт жейді,  
Астына түссең құрт жейді.  
Тіріге мәңгі маза жоқ,  
Өліге ешбір жаза жоқ,  
Өлмейтін жан жоқ өмірде,  
Сайтанға ғана қаза жоқ.  
Құғанмен қанша бос қаңғып,  
Қайырылып келмес қашқан құт.  
Пәниде қайда барсаң да,  
Асқандық пенен тасқандық,  
Жауыздық пенен қастандық.  
Бақида ғана тыныштық,  
Бақида ғана бостандық!..  
Көзінің жасы мөлдіреп,  
Езіліп жаны елжіреп,  
Мағжанға былай тіл қатты,  
Жұмбақ құс жылап соңғы рет:  
Жылаймын саған келем де,  
Сүйегің жатыр тереңде.  
Жүрегің бірақ ұшып жүр,  
Айналып өлмес өлеңге.  
Өмір мен өлім арасын,  
Жалғаған неткен данасың?!  
Тас болып тұрсың тұғырда,  
Білгейсің тастың бағасын.  
Мейірі түссе Тәңірдің,  
Тастан да жылу табасың.  
Кешегі жауың бүгін жоқ,  
Сөйлейін десең тілің жоқ,  
Таскерен, тасыр қоғамға,  
Тасмылқау болсаң жағасың...  
Сарытомар<sup>1</sup> – туған жері



# Жас-Алаташ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## Мағжанның жұмбақ құсы



Тағы да, міне, күн батты,  
Аспанды қара түн жапты.  
Тұрменің түбі түнеріп,  
Төндірді сұмдық зұлматты.  
Шырқырай түсіп шыбын жан,  
Шошынған жүрек дір қақты.  
Таптырмас көрге сүңгітсе,  
Кім шешер қиын жұмбақты?  
Жылаған мұнда талайлар,  
Көз жасын өліп құрғатты.  
Еңсесін езіп қасірет,  
Айықпас ауыр зіл батты.  
Жейтіндей тұтіп жемтік қып,  
Құзғындар қанды тырнақты.  
Талықсып кетті кенеттен,  
Соққыдан тиген тым қатты.  
Тербетіп ала жөнелді,  
Тұңғиық дүние құндақты.  
Елестің ерді соңына,  
Сүйкімді, сұлу, сымбатты.  
Опасыз, сатқын жалғанда,  
Анадан бар ма қымбатты?  
Бауырына басып елжіреп,  
«Мағжаным шаршап келді» деп

Текемет төсеп төріне,  
Сілкіп бір салды сырмақты.  
Тұсіріп еске ежелгі,  
Бабадан қалған жүрнақты,  
Күмбірлеп қоңыр домбыра,  
Мұңлы бір күйді тындаатты.  
Жинаса есін ешкім жоқ,  
Мағжанды бәлкім жын қақты?  
Жын қаққан емей немене,  
Қыықтай ғана қыыстан,  
Құйттай құс келіп тіл қатты:  
Ей, Мағжан ақын, барсың ба?  
Тұстім деп мұнда қорсынба.  
Маңдайға Тәнір жазған соң,  
Түрменің түбін тарсынба!  
Ноқталы баста ерік жоқ,  
Көндікпей, тулас зорсынба!  
Аңсайсың бекер кендікті,  
Алдыңда жүрер жол бітті.  
Тұрме де сенің өз үйің,  
Көрсеткен азап, қорлықты.  
Шығарып төрге қабыл ал,  
Есікten кірген зорлықты.  
Қайтесің кеуде көтеріп,  
Кім күшті болса, сол мықты.  
Азуын айға білеген,  
Талайдың басын жер жұтты.  
Шөліркеп тәтті ләzzатқа,  
Шалқыдың басың азатта.  
Мәнісін білген пендеге,  
Ләzzаттың өзі азапта.  
Бақыттың өзі бейнетте,  
Жұмақтың өзі тозақта.  
Бостандық деген не керек,  
Қадірін білмес қазаққа?  
Қайратын ердің еш қылып,  
Кененің басын кестіріп,  
Қалғаны кеше емес пе,  
Масқара сұмдық мазаққа.  
Көнерсің мынау сұмдыққа,  
Сенерсің мендей мұңлыққа.  
Өтірік билік құрғанда,  
Күн көру қиын шындыққа.  
Өкініп босқа у жұтпа,

Тұсken соң басың құлдыққа.  
Тексіздер тізгін ұстаса,  
Төндірер зауал бұл жүртқа...  
Шошынды тосын дауыстан,  
Тұғі жоқ есі ауысқан.  
Көрініп тұрған кісі жоқ,  
Әртенді қүйіп намыстан,  
Пәле еді мынау қапыда,  
Қай жақтан еліп жабысқан?  
Шынымен мынау кім еді?  
Шырқырап кетті жүрегі.  
Аруақ па, жын ба, шайтан ба,  
Қаңғырып қайдан жүр еді?  
Естілген жұмбақ дауыстың,  
Соншама сұық сүреңі.  
Аяғын сөздің, Тәнір-ay  
Әкеліп қайда тіреді?  
Түрменің іші тым-тырыс,  
Қап-қара қалың тұн еді.  
Төбеден төніп түнеріп,  
Қайғының басты тұнегі...  
Ешнәрсе тұспей көзіне,  
Жүрегі, жаны езіле,  
Жұдеді мұңлы у жұтып,  
Елестің айтқан сөзіне.  
Дөп келсе пенде дәрменсіз,  
Заманның қырсық кезіне.  
Көнбейін десе – шарасыз,  
Тағдырдың салған тезіне.  
Дауысы қалай шыққанын,  
Аңдамай қалды өзі де:  
Сыпыр да сиқыр пендені,  
Періште болсаң, кел бері!  
Жын-шайтан болсаң, кет жоғал,  
Әлекке салма сен мені!  
Аспаннан түссең білмеймін,  
Пәлені көргем жердегі.  
Қиналған жанды азғырма,  
Қайдағы жоқты сөз қылма.  
Тұңғыңық, терең шыңырау –  
Қайғының түбін қаздырма.  
Жазаға тартсаң, мен дайын,  
Халқымды бірақ жазғырма!  
Ауыспай есім тұрғанда,

Сенбеймін сендей азғынға!..  
Бәріне қуә бір Алла,  
Себепсіз шөлмек сынар ма?  
Қолыңдан келсе қоя бер,  
Қапастан мынау шығар да!  
Тырнадай көші тізілген,  
Тұлпардай жалы сүзілген,  
Сағындым туған елімді,  
Аймалап сүйіп үзілген.  
Аяздай қысқан қантарда,  
Заманда шерің тарқар ма?  
Жүгірер жаны шыққанша,  
Сүйеніп оқقا арқар да.  
Деді де қалды сәл үнсіз,  
Кеудесі ойсыз, жалынсыз.  
Құйттай құс қайта сөйледі,  
Мағжанға жөні мәлімсіз:  
Шамданба, ақын, шамданба,  
Көрінбен саған жалғанда.  
Шығам деп тордан ойлама,  
Бойында шыбын жан барда.  
Тас түнек келіп басарда,  
Тағдырдан пенде асар ма?  
Сен құтылғанмен қапастан,  
Бұғаудан елің босар ма?  
Екі өлім бар да бір емес,  
Тартқаның азап бұл емес.  
Ұлтыңның жаны сенде жүр,  
Өзіңнің жаның түк емес.  
Кірмейді терең көрге кім,  
Қара жер – мәңгі жөргегің.  
Қасірет емес білгенге,  
Өлгені жеке пенденің.  
Қиналдым деме мұнда кеп,  
Көміле берме мұңға көп.  
Алаштың жаны жолында,  
Ақынның жанын құрбан ет!  
Шындықты қазір мойында,  
Халықтың қалсын ойында.  
Ұлтыңның жаны рухында,  
Өзіңнің жаның бойында.  
Сезсең де ажал тәнгенін,  
Сөндім деп сірә сенбегін.  
Тұбімен жұртың құрыса,

Шынымен сонда өлгенің,  
Атады ертең білемін,  
Үзілер жалқы жүрегің.  
Өлдім деп жылап, өкінбе,  
Бақытты өлім – бұл өлім!  
Мағжанның басы айналды,  
Сөйлеуге тілі байланды.  
Хабарлап сүмдық ойранды,  
Естілген дауыс қайда әлгі?..  
Ақырды: «Не деп тұрсың?» — деп,  
Жүрегі соқты дүрсілдеп.  
«Араша түсер ұлыңа,  
Аруақтар қайда жүрсің?» — деп.  
Ғұмырдың көші көзінің  
Алдынан өтті біртіндеп.  
Қапаста қалып баласы,  
Зарлады қайран анасы.  
Көрінде тыныш жата алмай,  
Күңіренді ата-бабасы.  
Алатау, Алтай, Атырау,  
Сарыарқа, Сырдың арасы.  
Тұнерді қара жамылып,  
Ежелгі Тұран даласы.  
Сарсаңға түсті сенделіп,  
Сарқылып ақыл-санасы.  
Сарғайып кетті уайымнан,  
«Сарытомар<sup>1</sup>» көлдің жағасы.  
Тіріліп бір сәт келмей ме,  
Баяндай батыр ағасы.  
Ажалдың оғын тоқтатар,  
Амалдың жоғын қарашы?!

Көзінің алды көлкілдеп,  
Егіле жылап еңкілдеп,  
Жан-жақтан жынын шақырды,  
Қойлыбай бақсы селкілдеп.  
Абылайдың тозып ордасы,  
Тұндігі тұрды желпілдеп.  
Сексен көл жатты Көкшеде,  
Жасындей көздің мөлтілдеп.  
Еділ мен Жайық екі өзен,  
Жамырап аққан жеті өзен.  
Есілге-Ертіс қосылып,  
Өкіріп ойбай салғанда,  
Жағаға соқты толқын кеп.

## II

Мағжанды бүгін ата ма,  
Ажалдың дәмін тата ма?  
Қайғыға туған қайран ер,  
Көлденең түсіп жата ма?  
Зұлымның асы бойына,  
Атпаса кісі бата ма?  
Атама оны, атама!..  
Байлады оққа ақынды,  
Тарс етті – мылтық атылды.  
Ұшты да кетті көзінен,  
Жарқ етіп дүние ақырғы.  
Бұршақтай ғана қорғасын,  
Түнекке демде батырды.  
Селт етпей ерді сұлатты,  
Сүйегін жарға құлатты.  
Атқызыған кімдер белгілі,  
Белгісіз бірақ кім атты?  
Шошынып ұшқан құстар да,  
Шуылдан сонда жылапты.  
Маусымдар кезек алмасып,  
Жаз өтсе, қыста қар басып,  
Күндерге күндер жалғасып,  
Зуылдан қанша жыл ақты,  
Сылдырап қанша су ақты.  
Қыратты жауып кілемдей,  
Қаншама көктем гүл атты.  
Қай жерде қалды қайран ер,  
Шешетін кім бар сұрақты?  
Алданба сөзге ұстаға,  
Шешеннің тілі – ұстара.  
Білмесең нақты белгісін,  
Жарқыным, жорта нұсқама.  
Астында жердің жасырын,  
Мағжанның қайды жатқанын,  
Білетін жұмбақ құс қана.  
Жалғаннның жалғыз мұңлығы,  
Өші жоқ ұзын-қысқада.  
Көзіне түспей пенденің,  
Соғады жазда, қыста да.  
Жүргегін мұң мен шер қысып,  
Жұмбақ құс тағы келді ұшып.  
Ол қонған бұта бүрінен,  
Жылаған көздің жасындай,

Үзіліп түсті таңғы шық,  
Мағжанға тағы тіл қатты,  
Тереңде жатқан жер құшып.  
 Тағы да екі дүние,  
Бірімен бірі шарпысып,  
Бірімен бірі аңдысып:  
Астында жердің кебінсіз,  
Жатырсың, Мағжан, неге үнсіз?  
«Әлдиле!» деп ең өлімге,  
Өмір жоқ рас өлімсіз.  
Айтатын сөзім өзіңе,  
Болып түр бүгін жағымсыз.  
Айырмай оң мен терісін,  
Кеуледі үрей ел ішін,  
Құтырды қорқау қасқырлар,  
Жамылған қойдың терісін.  
Дүмше мен дүлей құда боп,  
Жендеті жауыз сүм заман,  
Қаптатып жын мен перісін,  
Тарылтты тірлік өрісін.  
Тажалдар талап жатқанда,  
Дүние қайдан кеңісін?..  
Осылай ма еді тегіннен,  
Ойың бар, Мағжан, не білген?  
Құдіретің болса күніреніп,  
Тұрсаңшы бір сәт көрінен?  
Тұңілдім мен де тірліктен,  
Бір кезде өзің жерінген.  
Еркіндік тумай күн бар ма,  
Адамда онсыз құн бар ма?  
Сен көрген сүмдық сол сүмдық,  
Айналмай дүние тұрған ба?  
Қанаты елдің сынғанда,  
Ішінен өксіп тынғанда,  
Өлгенін көрден сурыып,  
Жендеттер келіп жүлғанда,  
Найзағай болып жарқылдал,  
Төксенші зауал сүмдарға!..  
Толқындал тылсым ой легі,  
Тереңнен Мағжан сөйледі:  
Өліге сірә бүйірмас,  
Тірінің киген көйлегі.  
 Тағдырдың тартқан сыйы осы,  
Мазалай берме, қой! — деді.

Бірінді бірің құрт мейлі,  
Тірлікте тартыс бітпейді.  
Ақылмен айтқан сөзіңе,  
Ақымақ артын сұртпейді.  
Бауыры суық қара жер,  
Үстінде жүрсең жұрт жейді,  
Астына түссең құрт жейді.  
Тіріге мәңгі маза жоқ,  
Өліге ешбір жаза жоқ,  
Өлмейтін жан жоқ өмірде,  
Сайтанға ғана қаза жоқ.  
Құғанмен қанша бос қаңғып,  
Қайырылып келмес қашқан құт.  
Пәниде қайда барсаң да,  
Асқандық пенен тасқандық,  
Жауыздық пенен қастандық.  
Бақида ғана тыныштық,  
Бақида ғана бостандық!..  
Көзінің жасы мөлдіреп,  
Езіліп жаны елжіреп,  
Мағжанға былай тіл қатты,  
Жұмбақ құс жылап соңғы рет:  
Жылаймын саған келем де,  
Сүйегің жатыр тереңде.  
Жүрегің бірақ ұшып жүр,  
Айналып өлмес өлеңге.  
Өмір мен өлім арасын,  
Жалғаған неткен данасың?!  
Тас болып тұрсың тұғырда,  
Білгейсің тастың бағасын.  
Мейірі түссе Тәңірдің,  
Тастан да жылу табасың.  
Кешегі жауың бүгін жоқ,  
Сөйлейін десең тілің жоқ,  
Таскерен, тасыр қоғамға,  
Тасмылқау болсаң жағасың...  
Сарытомар<sup>1</sup> – туған жері